

Бекітемін
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір» бөбекжайының
менгерушісі Базаралиева Б.Т



2024 – 2025 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

Педагогикалық кеңес №1

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары» 1. «Жазғы сауықтыру мерзіміндегі балабақша ұжымының жұмысының қорытындысы» 2. 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық оқу жоспарын, ұйымдастырылған іс - әрекеттің кестесін, топтардың күн тәртіптерін бекіту, топтарды топтастыру 3. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығын тексеру. 4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. 5. 2024 - 2025 оқу жылындағы «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша түсіндіру	Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау.	тамыз	Менгеруші Базаралиева Б.Т. Бөбекжай педагогтері

Педагогикалық кеңес №2

2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Тұтас педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық әлеуетін жан-жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау» 1. №1 пед.кеңестің шешімін орындау. 2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. 3. «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу»	Тәжірибе алмасу алаңы Баяндама Презентация	қараша	Менгеруші Базаралиева Б.Т. Бөбекжай педагогтері
---	---	--	--------	---

	<p>4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың ролі»</p> <p>5. «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында қазақ тілі оқу іс-әрекеттерінің даму деңгейінің калыптасуы»</p>	<p>Презентация</p> <p>Тақырыптық бақылау</p>		
--	--	--	--	--

Педагогикалық кеңес №3

3	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»</p> <p>1.№2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.</p> <p>2. Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын калыптастыру.</p> <p>3 «Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие»</p> <p>4.«Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу»</p>	<p>Тәжірибе алмасу алаңы</p> <p>Есеп беру</p> <p>Баяндама</p> <p>Талдау</p>	қаңтар	<p>Меңгеруші</p> <p>Базаралиева Б.Т.</p>
---	---	---	--------	--

Педагогикалық кеңес №4

4	<p>№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу»</p> <p>1. №3 пед.кеңестің шешімін орындау туралы.</p> <p>2.«Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі»</p> <p>3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы</p> <p>4. Коммуникативтік дағдылар: сөйлеуді дамытудағы көркем әдебиетінің, қазақ жазушыларының, ақындарының, қазақ ертегілерімен таныстырылуын бақылау</p>	<p>Іс -тәжірибе</p> <p>Баяндама</p> <p>Тәжірибе алмасу</p> <p>Тақырыптық бақылау қорытындысы</p>	Наурыз	<p>Меңгеруші</p> <p>Базаралиева Б.Т.</p>
---	--	--	--------	--

Педагогикалық кеңес №5

5	<p>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау.</p> <p>1.№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.</p> <p>2. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.</p> <p>3 2024-2025 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу.</p> <p>4) 2024-2025 оқу жылының есебін беру.</p>	Қорытынды кеңес	Мамыр	<p>Меңгеруші</p> <p>Базаралиева Б.Т.</p>
---	---	-----------------	-------	--

Орал қаласы

25 қараша 2024 жыл

№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Тұтас педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық әлеуетін жан-жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін тұтас педагогикалық үдеріс арқылы дамыту, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау, тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру.

Күн тәртібі:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеуді қазіргі білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықта ұйымдастыру.
3. «Дене шынықтыру құралдары арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу».
4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі».
5. «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында қазақ тілі оқу іс-әрекеттерінің даму деңгейі».

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

№1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. есеп берді.

Шешімдердің орындалу барысы талданып, бірқатар іс-шаралардың жүзеге асқаны айтылды.

2. Екінші мәселе бойынша:

Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы тәрбиеші Ж.А.Маратова баяндама жасады.

Ол сабақтастықты қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды енгізу және заманауи әдістерді қолдану жолдарын түсіндірді.

3. Үшінші мәселе бойынша:

«Дене шынықтыру құралдары арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу» тақырыбында тәрбиеші Ж.А.Маратова сөз сөйледі.

Ол спорттық ойындар мен жарыстар арқылы балаларда ұйымшылдық, патриоттық сезім қалыптастыру жолдарын атап өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша:

«Адамгершілік-патриоттық тәрбиедегі музыканың рөлі» туралы балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. баяндама жасады.

Музыкалық шығармалар, әндер мен ұлттық әуендер арқылы балалардың рухани дамуы қарастырылды.

5. Бесінші мәселе бойынша:

«Қазақ тілі оқу іс-әрекеттерінің даму деңгейі» туралы тәрбиеші Ж.А.Маратова есеп берді. Балалардың сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті және тілдік дағдыларының қалыптасуы талданды.

Шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу жұмыстары сабақтастық принципі негізінде әрі қарай жетілдірілсін.
3. Дене шынықтыру құралдары арқылы патриоттық тәрбие беру тәжірибесі жүйелі түрде жалғастырылсын.
4. Музыкалық іс-әрекеттер арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жұмыстары күшейтілсін.
5. Қазақ тілі оқу іс-әрекеттерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар жалғастырылсын.



Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.

Орал қаласы

13 қаңтар 2025 жыл

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік және патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдарын жетілдіру, балалардың тарихи санасы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыру, отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру.
3. «Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие».
4. «Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу»

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

№2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева есеп берді.

Ол қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталып, бірқатар жұмыстардың жүзеге асқанын атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша:

«Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру» тақырыбында тәрбиеші Б.Т.Базаралиева баяндама жасады.

Ол ойын, жобалық жұмыс және ұлттық мазмұндағы іс-әрекеттер арқылы балалардың тарихи танымын дамыту жолдарын ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша:

«Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие» тақырыбында тәрбиешісі Ж.А.Маратова сөз сөйледі.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі, ата-анамен бірлескен жұмыстар және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары қарастырылды.

4. Төртінші мәселе бойынша: «Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу» туралы дене тәрбиешісі Ж.А.Маратова сөз баяндама жасады.

Ол таңғы жаттығудың балалар денсаулығын нығайтудағы маңызын және оны қызықты түрде өткізудің әдістерін түсіндірді.

Шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы тәрбие жұмысы күшейтілсін, ата-анамен байланыс арттырылсын.
4. Таңғы жаттығуды ұйымдастыру



Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.

Орал қаласы

24 наурыз 2025 жыл

№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу»

Өткізу түрі: Пікір алмасу, баяндама және презентация.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытуда көркем әдебиеттің маңызын арттыру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. №3 пед.кеңестің шешімін орындау туралы.
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі»
3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы
4. Коммуникативтік дағдылар: сөйлеуді дамытудағы көркем әдебиетінің, қазақ жазушыларының, ақындарының, қазақ ертегілерімен таныстырылуын бақылау

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Педагогтердің патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану, мерекелік іс-шаралар мен тәрбиелік жұмыстардың маңызы айтылды.

3-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. ұлттық ойындарға байланысты дайындалған ойындар картотекасымен таныстырды. Ұлттық ойындардың балалардың ой-өрісін дамытуға, ептілікке, ұйымшылдыққа және ұлттық рухты қалыптастыруға ықпал ететіні туралы баяндады.

4-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды. Балалардың сөйлеу тілін дамытуда көркем әдебиеттің, қазақ халық ертегілерінің, қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларының тиімді қолданылып жатқанын атап өтті.

Педагогикалық кеңес тақырыбы: «2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау»

Өткізу түрі: Қорытынды педагогикалық кеңес (есеп беру, талдау, пікір алмасу).

Мақсаты: 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын шығару, педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс нәтижелерін талдау, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру міндеттерін айқындау.

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.
3. 2024–2025 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу.
4. 2024–2025 оқу жылы бойынша жылдық есеп беру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Қабылданған шешімдердің белгіленген жоспарға сәйкес орындалғанын атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А. Маратова жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндама жасады. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру шаралары, таза ауадағы ойындар мен сауықтыру іс-шараларының жоспарын таныстырды.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А. Маратова 2024–2025 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырды. Ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезең ерекшеліктеріне сәйкес жоспарлау және топтар арасында бөлу тәртібін түсіндірді.

4-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. 2024–2025 оқу жылының қорытынды есебін ұсынды. Жыл бойы атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері, педагогтердің жетістіктері мен тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері талданды.

Шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітіліп, ұйымдастырылған іс-әрекет топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілсін.
4. 2024–2025 оқу жылының қорытынды есебі қабылдансын.
5. Педагогтерге жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын қатаң сақтау тапсырылсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.



Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.
Маратова Ж.А.

Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.